

## "Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі бірлескен іс-шараларды үйимдастыру ережелерін бекіту туралы" бұйрықта өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар Ішкі істер Ұлттық қауіпсіздік министрінің министрінің комитеті төрағасының 2001 жылғы 13 ақпандағы 2001 жылғы 12 наурыздағы 2001 жылғы 21 ақпандағы N 45-І N 205 N 28 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 1 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1479

"Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1665 Р001665\_ қаулысына сәйкес байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған саладағы үйлестіруді Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті жүзеге асырады. Осыған байланысты бұйырамыз:

1. "Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі бірлескен іс-шараларды үйимдастыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2000 жылғы 19 қыркүйектегі N 388-І V001294\_ , Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2000 жылғы 27 қыркүйектегі N 520 , Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 127 Бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықтармен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз пайдаланылатын радиоэлектрондық құралдарды айқындау және тыйым салу жөніндегі бірлескен іс-шараларды үйимдастыру ережелерде:

3 тармақтың 3 тармақшасындағы "байланыстағы бақылау бөлімі" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

Ережелер мәтіні бойынша "көліктік бақылау" деген сөздер "байланыс және ақпараттандыру жөніндегі" деген сөздермен, "байланыстағы бақылау" деген сөздер "байланыс саласындағы мемлекеттік қадағалау" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті (Қанешев Б.Б.) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік т і р к е у г е ү с ы н с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және

коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитетіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қоғамдық қауіпсіздік департаментіне және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап құшіне енеді.

Қазақстан Қазақстан Қазақстан Республикасы  
Республикасының Көлік Республикасының Ішкі Ұлттық қауіпсіздік  
және коммуникациялар істер министрі - комитетінің төрағасы  
министрі Ішкі әскерлер  
қолбасшысы

Мамандар:

Икебаева Ә.Ж.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК